

Қостанай облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 21 маусымдағы № 311 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 шілдеде № 7134 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 маусымдағы № 283 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 21.06.2021 № 283 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 53 "Тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13375 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесінің 6-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қостанай облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесі айқындалсын.

2. "Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мұхамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

Қостанай облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 13.03.2019 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2019 № 528 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.09.2020 № 323 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Р/с №	Ауданның, қаланың атауы	Ауылдық округтің атауы	Тірек ауылдық елді мекенінің атауы
1	Алтынсарин	-	Новоалексеевка ауылы
2		Мариям Хәкімжанова атындағы	Щербаково ауылы
3	Аманкелді	Амантоғай	Амантоғай ауылы
4		Құмкешу	Құмкешу ауылы
5	Әуликөл	Диев	Диев ауылы
6		Новонежин	Новонежинка ауылы
7	Денисов	Красноармейск	Фрунзенское ауылы
8		Қырым	Қырым ауылы
9	Жангелдин	Ақшығанақ	Ақшығанақ ауылы
10		Жаркөл	Тәуіш ауылы
11	Жітіқара	-	Милютинка ауылы
12		-	Степное ауылы
13	Қамысты	-	Алтынсарин ауылы
14		-	Бестөбе ауылы
15	Қарабалық	Бозкөл	Боскөл ауылы
16		Смирнов	Смирновка ауылы
17		Станционный	Станционное ауылы
18	Қарасу	Октябрь	Железнодорожное ауылы
19		Қарамырза	Қарамырза ауылы
20		Люблин	Люблинка ауылы
21	Қостанай	Владимиров	Владимировка ауылы
22		Жамбыл	Жамбыл ауылы
23		Садчиков	Садчиковка ауылы
24		Озерный	Озерное ауылы
25	Меңдіқара	Введен	Введенка ауылы
26		Ломоносов	Қасқат ауылы
27		Михайлов	Михайловка ауылы

28	Науырзым	-	Шолақсай ауылы
29		-	Буревестник ауылы
30	Сарыкөл	-	Барвиновка ауылы
31		Комсомол	Комсомол ауылы
32	Бейімбет Майлин ауданы	Асенкритов	Асенкритовка ауылы
33		Новоильинов	Новоильиновка ауылы
34	Ұзынкөл	Ершов	Ершовка ауылы
35		Новопокров	Новопокровка ауылы
36		Пресногорьков	Пресногорьковка ауылы
37	Федоров	Баннов	Банновка ауылы
38		Пешков	Пешковка ауылы
39	Арқалық қаласы	Ашутасты	Ашутасты ауылы
40		-	Фурманов ауылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК